Калмурзаев Болат Аюбаевичтің
«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуге арналған

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік жүйесі аясында діни экстремизмге қарсы мемлекеттік-құқықтық іс-әрекет мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауаптардың біреуін белгілеу қажет)	Ресми рецензенттің ұстанымы (ескертулерді курсивпен белгілеу керек)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы.	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы.

Шығ.№ 10/326-ВА
2025 ж. «12» 04
ҚР ҰҚК Академиясы

		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға **<u>елеулі үлесін қосады</u>**/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u>/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы жоғары дәрежеде ашылған, құқықтану теориясына және тәжірибесіне елеулі үлес қосады. Бұл қорғауға ұсынылған діни экстремизмге қарсы іс-қимылды ұлттық қауіпсіздік жүйесі контекстінде мемлекеттік-құқықтық қамтамасыз ету жүйесі тақырбындағы диссертациялық жұмыстың өзектілігімен тығыз байланысты. Диссертациядағы ережелер мен тұжырымдар діни экстремизм мәселесінің ұлттық қауіпсіздік үшін

			маңыздылығын қайта түсінуге мүмкіндік береді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Автор диссертациялық зерттеу жүргізу барысында ғылыми мәселелердің жүйелі шешімін өзбетінше жоғары деңгейде шеше алған. Сонымен қатар автор бірнеше ғылыми мақала дайындаған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық зерттеудің өзектілігі зерттелетін әлеуметтік қатынастардың дамуының саяси бағыттарын анықтайтын бағдарламалық құжаттарға сүйене отырып, дәлелді түрде негізделген. Сондай-ақ діни экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы әрекеттерді құқықтық қамтамасыз ету жүйесінде шетелдік және отандық заң ғылымында одан әрі пысықтау, діни-экстремистік бағыттағы қылмыстарға қарсы іс-қимылдың қазіргі жағдайын талдау, сондай-ақ діни экстремизмге қарсы іс-қимылды ұлттық қауіпсіздік жүйесі контекстінде ерекшеліктерін зерделеу, ҚР-ның уәкілетті, құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарының діни экстремизмге қарсы іс-әрекет бойынша

			халықаралық тәжірибесін салыстырмалы талдау, қоғамдық қауіпсіздік тұрғысында құқықтық алғышарттар мен қарама-қайшылықтар арқылы діни экстремизмнің пайда болу себептерін сараптау және оның алдын алу бойынша шараларды жетілдіру қажеттілігімен байланысты.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Зерттеудің нәтижесінде діни экстремизмге қарсы іс-қимыл бағыттағы теориялық және құқықтық негіздері айқындалған, сондай-ақ діни-экстремистік бағыттағы қылмыстарды тергеп-тексеру нәтижелерінің аспектілері диссертацияның тақырыбын толығымен айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертаиялық зерттеудің мақсаты, діни экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша зерттеудің ерекшеліктерін анықтау негізінде ұлттық заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу нұсқасында тақырыптың мақсатына сәйкес келеді. Алға қойылған мақсатқа сәйкес зерттеудің міндеттерін шешу бірте-бірте жүзеге асырылған және нәтижеге қол жеткізілген.

		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Қорғауға шығарылатын тұжырымдар диссертациялық зерттеу бөлімдерінің мазмұнының логикалық тұжырымдары болып табылады және бір-бірімен толық байланысты. Диссертация қорытындысында баяндалған өзге де анықтамалар, тұжырымдар мен ұсыныстар ғылыми жұмыстың кіші бөлімдерінің мазмұнымен қисынды негізделген. Ізденуші алған барлық ғылыми нәтижелер тиісті дәлелге ие, жалпы ғылыми, жеке ғылыми және эмпирикалық зерттеу әдістерінің кешенін қолдану арқылы қамтамасыз етіледі
		1) **толық байланысқан;**	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Сыни талдау нәтижесі бойынша: - қолданыстағы ұлттық заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін терминологиялық аппаратты жетілдіру бойынша ұсыныстар жасалған; - салыстырмалы-құқықтық талдау негізінде діни экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы отандық заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленген; - экстремизмге қарсы іс-қимыл
		1) **сыни талдау бар;**	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	

			бойынша құқық қорғау және арнайы органдардың өзара іс-қимылы мен ынтымақтастығын оңтайландыру бойынша ұсынымдар берген; - діни-экстремистік бағыттағы қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасын қалыптастырған; - діни-экстремистік бағыттағы қылмыстар бойынша қылмыстық істердің нәтижелерін жан-жақты талдау жүргізу негізінде бірқатар ұсынымдар дайындалған. Аталған шешімдер жалпыға белгілі шешімдермен салыстырғанда жаңа болып табылады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар 75% жартылай жаңа болып табылады. Діни экстремизмге қарсы іс-қимыл ұлттық қауіпсіздік жүйесі контекстінде мемлекеттік-құқықтық қамтамасыз ету жүйесінің ерекшеліктері құқықтану теориясында және тәжірибесінде фрагменттік сипатта қолданылады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) **ішінара жаңа (25-75% жаңа);**	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары 75% жартылай жаңа болып табылады. Жалпы діни экстремизм бұл әр уақытта әр қалай көрініс беретін өте күрделі
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	құбылыс. Экстремизм жалпы түрде ешбір мөлшерді, тәртіпті мойындамайтын, өзінің шектен шыққан көзқарастары мен іс-әрекеттері арқылы ерекшеленген құбылысты білдіреді. Дегенмен 2005 жылғы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» ҚР-ның Заңында «экстремизм» және «діни экстремизм» ұғымына жан-жақты, толық және экстремистік мақсаттарды жіктей отырып берілген анықтама орынды деп есептейміз. Сондықтан автормен ұсынылған анықтама тәжірибеде қолдануға пайдалы болады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері 75% жаңа болып табылады. Діни экстремизмге қарсы іс-қимылды ұлттық қауіпсіздік жүйесі контекстінде мемлекеттік-құқықтық қамтамасыз ету жүйесінің ерекшеліктері құқықтану теориясында, тәжірибесінде ашық дерек көздерден, арнайы базалардан жинақталған және сот шешімдерін талдау алғаш ұсынылуда. Соған қарамастан, диссертацияның мазмұнында діни-экстремистік
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			бағыттағы қылмыстық істер бойынша тағайындалатын сараптамалар тиісті мекемелермен қажетті деңгейде жүргізілетінін ескеру қажет. Өйткені жұмыста пайдаланылған сот шешімдері «Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының жобасы туралы ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 25 желтоқсанындағы №1281 Қаулысында көзделген талаптарға негізделген. Алайда, автор нормативтік құқықтық актілерге енгізуді ұсына отырып, оны жүзеге асыру бойынша талап етілетін ресурстық талдау мен шығындарды ескермеген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	**<u>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген</u>**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық зерттеудің нәтижелері таңдалған зерттеу әдістерінің жиынтығымен және зерттелген әдебиеттердің үлкен көлемімен расталады. Зерттеу нәтижелерінің бір бөлігі құқық қорғау органдарының тәжірибелік бөлімшелердің қызметіне енгізілгенін және жоғары оқу орындарының оқу процесінде қолданылып жатқанын, сондай-ақ еліміздегі дін істері

			жөніндегі басқармаларының ақпараттық-түсіндіру жұмысында қолданылатынын бөлек атап өткен жөн.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі тұжырымдар	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Тұжырым дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар;	Диссертацияда қорғауға шығарылған негізгі төрт тұжырым ұсынылады. Ғылыми танымның заңдылықтары мен принциптерін сақтай отырып алынған. **1-тұжырым – дәлелденді, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген.** Тұжырым шетелдік және отандық көптеген әдебиеттер авторларының және нормативті құқықтық актілеріде берілген анықтамаларға талдау жүргізе отырып, «діни экстремизм» ұғымына авторлық анықтама береді. **Тұжырым мақалада дәлелденген:** «Діни экстремизм мәнін айқындау әдістері» (Калмурзаев Б.А.); «Халықаралық құқық, құқықтық және ұлттық заңнама жүйелерінде «діни экстремизм» ұғымының бекітілуінің тарихи-құқықтық негіздері» (Калмурзаев Б.А., Битемиров Қ.Т.). **2-тұжырым – шамамен дәлелденді, тривиалды, жаңа, қолдану деңгейі**

		2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	**орташа, мақалада дәлелденген.** Автормен халықаралық ұйымдар аясында діни экстремизмге қарсы іс-қимыл жүйесін қалыптастыру мақсатында жаңа орган құру ұсынылады. Дегенмен аталған тұжырымды жүзеге асыру тетіктері нақтыланбаған. **Тұжырым мақалада дәлелдеген:** «Ұлттық қауіпсіздік контестіндегі діни экстремизмнің зомбылыққа қарсы іс-қимылдың халықаралық жүйесі» (Калмурзаев Б.А.); «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігімен байланыстағы діни экстремизмнің өзектілін зерделеу мәселесі (Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы орталығы қызметі шеңберінде)» (Калмурзаев Б.А., Нақыпов Б., Битемиров Қ.Т.). **3-тұжырым – шамамен дәлелденді, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі орташа, мақалада дәлелденген.** Діни экстремизмге қатысты Қылмыстық кодекс баптары бойынша сотталғандар контингентін кешенді сипаттағы оңалтуды *(құқықтық, тарихи,*

			теологиялық, психологиялық, мәдени, саяси және т.б.) ұйымдастыру бойынша ұсыныстар берілген. **Тұжырым мақалада дәлелденген:** «Актуальность создания психокоррекционной программы по работе с осужденными по статьям, связанным с экстремизмом» (Калмурзаев Б.А., Раздыкова); «Информационно-методическое пособие для проведения реаблитационных мероприятий среди контингента осужденных за экстремистские и террористические преступления» (Калмурзаев Б.А., Раздыкова Г.М.). **4-тұжырым – дәлелденді, тривиалды, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген.** Діни экстремизмді алдын алуда құқық қорғау және мемлекеттік органдардың қызметін үйлестірудің қадамын тікелей көрсететін «Діни экстремизм идеяларын ұстанушы жеке тұлғаларға қатысты алдын алу және оңалту шараларын жүргізу қағидалары» атты ведомствалық нормативтік құқықтық акт жобасын қабылдану ұсынылады.

			Тұжырым мақалада дәлелдеген: «Қазақстан аумағында тыйым салынған экстремистік ұйымдардың қызметі» (Калмурзаев Б.А.); «Қазақстанның құқық қорғау органдарының діни экстремизммен күрес тәжірибесі» (Калмурзаев Б.А.).
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) **ия;** 2) жоқ.	Әдіснама нақты жазылған және әдістемелік негізде автор кешендік тәсілдерін көрсеткен. Алайда, диссертациялық зерттеудің құрылымы бойынша тек жүйелі, жеке және құқықтық тәсілдермен ғана шектелген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық зерттеу заманауи ғылыми зерттеу әдістерін, соның ішінде әртүрлі ақпараттық-коммуникациялық мазмұнды кеңінен қолдана отырып жүргізілген. Компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, сұрау алу мен оны зерделеу нәтижелері диаграмма көрсеткіштерімен нақтыланған.
		1) **ия;** 2) жоқ.	

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертацияда ұсынылған теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған қатынастар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденген және расталған. Бұл диссертацияда ұсынылған ғылыми ережелер мен тұжырымдарды сенімді және негізделген деп санауға мүмкіндік береді. Сот тәжірибесін талдауға қатысты, зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен қайталануын қамтамасыз ету үшін сандық деректер статистикалық әдістерді пайдалану арқылы объективтілік пен дәлдікті қамтамасыз ету мақсатында өңделді. Теориялық болжамдардың қосымша расталуын қамтамасыз етті.
		1) ия; 2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертацияда тұжырымдалған барлық тұжырымдар теориялық ой мен заңнамалық өзгерістердің жағдайы мен динамикасын көрсетуге мүмкіндік беретін жақсы уақыт ауқымы бар құқықтық және теориялық дереккөздердің едәуір санын қолдануға негізделген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Жұмыста мәселені ғылыми тұрғыдан дамыту үшін жеткілікті зерттеу тақырыбы бойынша 130 әдеби

			дереккөздердің тізімі қолданылды.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) **бар;** 2) жоқ.	Диссертацияның қазіргі заңнамалық өзгерістер аясында ғана емес, сонымен қатар кейінгі зерттеу жұмыстарын жүргізудің теориялық негізі ретінде қабылдануы мүмкін қорытындыларды сауатты енгізу арқылы үлкен теориялық маңызы бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия;** 2) жоқ.	Заңнаманы және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге байланысты автордың көптеген тұжырымдары жоғары функционалды болып табылады, заңнаманың қазіргі динамикасына және зерттелген бағыт шеңберіндегі негізгі мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; **2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);** 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар 75% жаңа болып табылады. Пікір берілген диссертация аясында ғылыми нәтижелер мен ережелердің жартылай жаңалығын тануға болады, өйткені олардың басым көпшілігі ғылымда бұрын тұжырымдалған нәтижелер мен ережелерді қайталамайды.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары;**	Жұмыс материалды ұсынудың айқын академиялық стилімен, ғылыми және

		2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	формалды-құқықтық дәлдіктің жоғары деңгейімен, мәтіннің сипаттамалық дизайнының сенімділігімен ерекшеленеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Жұмыстың мазмұнында орфографиялық, стилистикалық кемшіліктер кездеседі. Атап айтқанда, - автор жұмыста «салаф», «неосалаф» ұғымдарымен қатар, «сәләф», «неосәләф» ұғымдарын да (77,79,99,100 беттерде) қолданады, бұндай олқылықтар біріздендіруді қажет етеді; - жұмыстың 88 бетінде «ҚР-да орын алған террорлық акт жасаған Р.Кулекеев» деп қате мысал келтірген. Дегенмен 2016 жылы Алматы қ. террорлық акт жасаған Р.Кулекбаев екенін ескерген жөн; - діни экстремизмнің пайда болуының алғы шарттарының бірі ретінде халықаралық террористік ұйым ИГИЛ қарастырылғын, бірақ олардың идеологиялық айырмашылықтары толығымен ашылмаған. - жұмыстың 120 бетінде ҚР ҚК 259-бап. «Террористік немесе экстремистік қызметті ұйымдастыру мақсатында

			адамдарды тарту, оқыту немесе қаруландыру» және 260-бап. «Террористік немесе экстремистік әрекетке дайындалу» деп, қате қолданған. Алайда 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде 259-бап. «Террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе даярлау не қаруландыру». Сондай-ақ 260-бап. «Террористік немесе экстремистік даярлықтан өту» деп берілген; - жұмыстың 27 бетінде «Діни экстремизмге қарсы іс –қимыл бойынша мемлекеттік бағдарлама» (2013–2017 жж.) және 84 бетінде «ҚР Діни экстремизмге қарсы іс –қимыл бойынша 2013–2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны» пайдаланған. Сондай-ақ аталған мемлекеттік бағдарлама өте ескі екенін және күші жойылғанын ескермеген, оған қоса бағдарламаның атауын қате қолданған. Аталған Президенттің Жарлығының дұрыс атауы «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс–қимыл жөніндегі

			2013–2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы» Қазақстан Ресупбликасы Президентінің 24.09.2013ж. № 648 Жарлығы; - жұмыстың 116 бетінде автор екі сөйлемге сілтеме жасамай кеткен. (сілтеме белгілері қойылғанымен нөмірленбеген), сондай-ақ бірнеше сілтемелелерде [Р] латын әрпімен белгіленіп кеткен. Жоғарыда аталған ескертулер әдістемелік құрылымына, ғылыми жұмыстың нәтижелеріне кедергі келтірмейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертация мақалалар сериясы нысанында емес, диссертациялық жұмыс негізінде қорғалады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Дисертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Дәрежелерді беру қағидалары» талаптарына сәйкес келеді және Калмурзаев Болат Аюбаевичке

			«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыныс жасауға болады деп есептеймін.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1. Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру.

«6D030100 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Калмурзаев Болат Аюбаевичтің «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік жүйесі аясында діни экстремизмге қарсы мемлекеттік-құқықтық іс-әрекет мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, жұмыс қойылатын талаптарға сәйкес және философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:
ҚР ҰҚК Академияся бастығы
саяси ғылымының кандидаты,
заң ғылымдарының докторы
ұ.қ.генерал-майоры **А.Мұқашев**

2025 жылғы «10» сәуір